

ҒТАХР 06.71.45  
ӘОЖ 330.34

**А.Б. БАЙМБЕТОВА,<sup>1</sup>**

э.ғ.к., профессор м.а.

**Н.Д. ЕСМАГУЛОВА,<sup>1</sup>**

э.ғ.к., профессор.

**Л.М. БЕЙТЕНОВА,<sup>2</sup>**

э.ғ.д., доцент.

**А.М. БЕРЖАНОВА<sup>1</sup>,**

э.ғ.к., доцент.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті.<sup>1</sup>

«Нархоз» университеті<sup>2</sup>

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ**

### **Аңдатпа**

Мақалада Қазақстан Республикасының экономикалық бәсекеге қабілеттілігіне білім беру жүйесінің әсері бағаланған. Бүгінгі таңда қаралып отырған мәселе өте өзекті болып табылады, өйткені қазіргі уақытта әлемдік экономикада жаһандануға, дамудың әркелкілігіне, бір полярлы және көпполярлы әлемнің қалыптасуы үрдістері арасындағы күресті күшейтуге, елдер, өнімдер мен фирмалар арасындағы бәсекелестік күрестің шиеленісуіне байланысты сапалы өзгерістер орын алуда. Қазіргі таңда, әлемдік ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық даму адам факторының экономика мен қоғамдағы рөлінің түбегейлі өзгеруімен сипатталады. Елдің болашағын айқындайтын экономикалық өсудің басты факторы адам капиталы болып табылады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей білім беру жүйесіне жұмсалатын қаражат елдің экономикасына, қоғамға және экономикалық өсуге айтарлықтай әсер етеді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы мынадай тұжырым жасады: егер, белгілі бір мемлекеттің халықтың орташа оқу уақытын бір жылға ұзартса, онда елдің ЖІӨ-і 3–6%-ға өседі. Білімге бөлінетін қаржының 1%-ға көбеюі мемлекеттің ЖІӨ-і 0,35%-ға ұлғаюына әкеледі. Мақалада бағалау ДЭФ бойынша 2018 ж. әлем елдерінің білім деңгейі, жұмсалатын шығындарына жасалған рейтинг мәліметтеріне және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің статистикалық жинағында берілген көрсеткіштерге сүйене отырып жүргізілген. Бағалау нәтижесіне сәйкес, бәсекеге қабілетті білімі бар мамандарға ие болу үшін және елдің экономикасын нығайту мақсатында оларға көбірек шығын жұмсау қажеттілігі айқындалды.

Тірек сөздер: экономика, білім, жүйе, бәсекеге қабілеттілік, бағалау, әсер ету, адами капитал.

Қазақстанның бәсекеге қабілетті 30 елдің құрамына кіру «Қазақстан–2050» стратегиясын жүзеге асырудың жалпы интегративтік мақсаты болып табылады. Алғаш рет мұндай мақсатты индикаторды Елбасы 2006 жылғы «Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» жолдауында айтып өткен болатын [1].

Әртүрлі әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігін бағалауды Дүниежүзілік экономикалық форум (WEF/ДЭФ), Халықаралық менеджментті дамыту институты (IMD) және Дүниежүзілік банк (World Bank) жасайды. Әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің жетекші рейтингі ДЭФ «Ғаламдық бәсеке қабілеттілік индексі» (ГБИ) жыл сайынғы баяндама болып табылады.

Бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын 12 көрсеткіштің ішінде білім деңгейі де бар. Әлемдегі елдердің білім деңгейі индексі бойынша 188 елдің ішінде Қазақстан 37 орында және оның көрсеткіші 0,798 құрайды. 36 орынды Украина, ал көрші Ресей елі 0,806 индеспен 32 орынды иеленген. ЮНЕСКО деректері бойынша дамыған елдердің көрсеткіші кем дегенде 0,8 болуы тиіс. Алайда көптеген дамыған елдердің көрсеткіші 0,9 және одан да жоғары болып табылады. Бұл индекс ересек халықтың сауаттылық индексі мен оқушылар, студенттер санының жиынтығымен анықталады [2].

Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі әртүрлі экономикалық даму деңгейдегі әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігін сипаттайтын 113 айнымалыдан құралған. Айнымалылардың

жиынтығының 2/3 бөлігі компания басшыларының арасында жүргізілген ғаламдық сауалнаманың қорытындылары және 1/3 бөлігі статистикалық мәліметтер мен зерттеулердің нәтижелері болып табылады. Барлық айнаымалылар ұлттық бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын 12 көрсеткішке біріккен. Бұл жерде келесі көрсеткіштер көрініс табады:

- ♦ ЖІӨ-гі білім беру жүйесі шығындарының үлесі;
- ♦ Мемлекеттік бюджеттегі шығындардың үлесі;
- ♦ Бастауыш, орта және жоғары білім алушыларды қамту.

Қазақстан ДЭФ «Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі» рейтингісіне 2006 жылдан бастап қатысады. Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингісінде (ФБР) соңғы бес жылда Қазақстанның ең әлсіз позициясы 2010–2011 жылдары байқалады, яғни 72 орында болған. Келесі үш жылда елдің жағдайы жақсарып салыстырмалы түрде тұрақты болды. 1-кестеде көрсетілгендей, 2016–2017 жылғы ФБР-де Қазақстан 53 орында [1].

2015 жылғы рейтингтің нәтижесі бойынша алға ұмтылыс жасап 42 орынға көтерілді (кесте 1). Осылайша, өзінің рейтингісін 2014 жылмен салыстырғанда 8 орынға жоғарылатты. Алайда, 2016–2017 жылғы ғаламдық бәсекеге қабілеттіліктің жыл сайынғы есебі бойынша Қазақстан ДЭФ ФБИ рейтинг нәтижесіне сәйкес 53 орынды алды, яғни 2015–2016 жылмен салыстырғанда 11 орынға төмен түсті. 2017–2018 жылғы ғаламдық бәсекеге қабілеттіліктің жыл сайынғы есебі бойынша біздің еліміз 59 орынды иеленді, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 6 орынға төмендеген.

Кесте 1 – Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингі

Көрсеткіштер	2013–2014 жж.	2014–2015 жж.	2015–2016 жж.	2016–2017 жж.	2017–2018 жж.
Бәсекеге қабілеттілік рейтингі	50	50	42	53	59
Индекс	4,41	4,4	4,48	4,4	4,0
ЖІӨ-гі шығындардың үлесі, %	16,9	17,88	18,12	20,02	19,3
Ескертпе – [1] негізінде құрастырылған.					

Дамыған елдерде білім деңгейінің минималды көрсеткіші 0,8 болуы тиіс деп саналғанмен, дамыған елдердің көп бөлігінің индексі 0,9 және одан да жоғары болып табылады. Мысалы Австралия (0,932), Дания (0,924), Жаңа Зеландия (0,917) және Ирландия (0,907) сияқты елдерде білім деңгейі индексі 0,9-дан жоғары болып табылады [3].

2-кестеде дамыған елдердің бәсекеге қабілеттілік рейтингі Қазақстанмен салыстырмалы түрде көрсетілген (кесте 2).

Кестеде көрсетілгендей дамыған елдермен салыстырғанда Қазақстан бәсекеге қабілеттілік деңгейі бойынша артта қалғаны байқалады. Мысалы, АҚШ бәсекеге қабілеттілік деңгейі бойынша 3 орында, ал Жаңа Зеландия 13 орында. Елдердің бәсекеге қабілеттілік индекстері 5-тен асады, Қазақстанның индексі тек 4,2 болып табылады.

Кесте 2 – Дамыған елдердің бәсекеге қабілеттілік рейтингі

№	Орны	Мемлекет	Бәсекеге қабілеттілік индексі
1	3	АҚШ	5,7
2	7	Ұлыбритания	5,5
3	8	Жапония	5,5
4	11	Норвегия	5,4
5	13	Жаңа Зеландия	5,3
6	59	Қазақстан	4,2
Ескертпе – [1] негізінде құрастырылған.			

Әлем елдерінде білім деңгейінің индексі – БҰҰ-ның даму жөніндегі бағдарламасының құрамдастырылған көрсеткіші. Ол ересек халықтың сауаттылық индексі және білім алушылардың жиынтық үлесі ретінде есептеледі.

Әлем елдерінің білім беру жүйесіне жұмсалатын шығындары бойынша рейтингі – білім беруге жұмсалған мемлекеттік және жеке шығындардың жалпы көлемі ЖІӨ-ге %-бен есеп-

телінеді. Білім беру жүйесінің шығындар деңгейі ЖІӨ-ге %-бен көрсетіледі. Бұл көрсеткіш ұлттық статистика мен халықаралық ұйымдардың мәліметтері негізінде есептеледі. Ақпараттың негізгі көзі – жыл сайын жаңарып отыратын Дүниежүзілік банктің «World Development Indicators» мәліметтер базасы болып табылады. Білім беру жүйесіне жұмсалатын шығындар әлеуметтік дамудың басты көрсеткіші болып табылады. Сондай-ақ елдің адам капиталының ұлғаюына, экономикалық даму келешегіне әсер етеді. 3-кестеде алты дамыған елдің білім деңгейі индексі қарастырамыз (кесте 3).

Кесте 3 – Әлем елдерінің білім деңгейі бойынша рейтингі, 2018 ж.

Мемлекет	Әлем елдерінің білім деңгейі бойынша рейтингі		Білім беруге жұмсалатын шығындар деңгейі бойынша әлем елдерінің рейтингі	
	Орны	Индекс	Орны	Индекс
1. Германия	1	0,940	79	4,6
2. Жаңа Зеландия	5	0,917	17	7,2
3. Норвегия	6	0,915	15	7,3
4. АҚШ	12	0,903	52	5,4
5. Ұлыбритания	7	0,914	45	5,6
6. Жапония	26	0,848	104	3,8
7. Қазақстан	40	0,814	125	3,1

Ескертпе – [3] және [4] негізінде құрастырылған.

Кестеде көрсетілгендей әлем елдерінің білім деңгейі рейтингі бойынша Қазақстан 40 орында, индексі 0,798 құрайды. Дамыған елдерден Германия 1 орында және оның индексі 0,940. Норвегия бұл рейтингте Жаңа Зеландиядан 1 орынға төмен, яғни 6 орында индексі 0,915. Ұлы державалардың бірі АҚШ білім деңгейі рейтингі бойынша 12 орында, индексі 0,903. Осы елдермен салыстырғанда Қазақстанның білім деңгейі төмен болып табылады.

Білім беруге жұмсалатын шығындар деңгейі бойынша Норвегия 15 орында, индексі 7,3 [4]. Ал Жаңа Зеландия білім деңгейі бойынша рейтингіде Норвегиядан 2 орынға жоғары болса, білім беруге жұмсалатын шығындар бойынша Норвегиядан 2 орынға төмен, яғни 17 орында, индексі 7,2. Ұлыбритания бұл рейтингте 45 орында, оның индексі 5,6. АҚШ білім беруге жұмсалатын шығындар бойынша рейтингінде 52 орында. Жапония рейтингте 104 орында, индексі 3,8 басқа елдерге қарағанда Қазақстанға жақын болып табылады. Қазақстан бұл рейтингте 125 орында, оның индексі 3,1. Бұл яғни төмен көрсеткіш болып табылады. Елдің білім беруге жұмсалатын шығындары жоғары болса, білім деңгейі бойынша рейтингінде бірнеше орынға жоғары көтерілуге мүмкіндік бар.

Елдің білім деңгейін есептеуде маңызды көрсеткіштердің бірі білім алушылардың жиынтық үлесі болып табылады. Білім беру жүйесінің деңгейлері бойынша білім алушылардың үлесін төмендегі 4-кестеден көруге болады (кесте 4, б. 274).

Қазақстанда мектепке дейінгі біліммен қамтылуы 2014 жылы 109,5 құраған, ал 2015 жылы бұл көрсеткіш 105,0-ге кеміген. 2018 жылдан бастап мектепке дейінгі біліммен қамтылуы 2017 жылмен салыстырғанда артқаны байқалады.

Осылайша 2018 жылы бұл көрсеткіш 105,9 құрады. Ал орта біліммен жалпы қамту коэффициенті жылдан жылға өсуі байқалады. Яғни, 2014 жылы бұл коэффициент 103,55 болса, 2015 жылы 103,78 болғаны көрінеді. 2018 жылы орта біліммен жалпы қамту коэффициенті 106,12 болып табылады. Жалпы колледждердегі оқушылар санының өсіп төмендеуі байқалады. 2014 жылы оқушылар саны 532 910 болса, 2015 жылы оқушылар саны 33 945 оқушыға кеміген. Ал 2016 жылы білім алушылар саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 10 039 оқушыға азайған. 2017 жылы колледжде білім алушылар саны күрт азайып, 489 337 оқушыны құрады, ал 2018 жылы қайтадан 481 оқушыға артып, жалпы саны 489 818 оқушыны құрады. Жоғары біліммен қамтудың жалпы коэффициентінің жылдан-жылға арту тенденциясы байқалады. 2014 жылы 48,37 болса, 2018 жылы осы көрсеткіш 57,44-ті құрады. Бұл үрдіс білім саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың белсенді түрде жүзеге асырылуымен байланысты.

Кесте 4 – Деңгейлер бойынша білім алушылардың үлесі 2014–2018 жж.

Деңгейлер	Көрсеткіштер	2014 ж.	2015 ж.	2016ж.	2017 ж.	2018 ж.	2018 ж. 2014 ж. салыстыр- ғанда
Мектепке дейінгі білім	Мектепке дейінгі ұйымға кіретін балалардың орынмен қамтылуы	109,5	105,0	106,1	96,1	105,9	96
Орта білім	Орта біліммен жалпы камту коэффициенті	103,55	103,78	105,76	105,94	106,12	102
Техникалық және кәсіптік білім	Колледждердегі оқушылар саны	532 910	498 965	488 926	489 337	489 818	91
Жоғары білім	Жоғары біліммен камтудың жалпы коэффициенті	48,37	48,44	51,14	54,29	57,44	118
Ескертпе – ҚР Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің мәліметтері негізінде құрастырылған.							

Қазіргі таңда, әлемдік ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық даму адам факторының экономика мен қоғамдағы рөлінің түбегейлі өзгеруімен сипатталады. Елдің болашағын айқындайтын экономикалық өсудің басты факторы адам капиталы болып табылады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей білім беру жүйесіне жұмсалатын қаражат елдің экономикасына, қоғамға және экономикалық өсуге айтарлықтай әсер етеді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы мынадай тұжырым жасады: егер, белгілі бір мемлекеттің халықтың орташа оқу уақытын бір жылға ұзартса, онда елдің ЖІӨ-і 3–6%-ға өседі. Білімге бөлінетін қаржының 1%-ға көбеюі мемлекеттің ЖІӨ-і 0,35%-ға ұлғаюына әкеледі [5].

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуы бойынша көптеген дамыған елдер «ақылды, білімді экономикаға» бет бұрды, ал осындай экономиканы жасау үшін ең бастысы адам капиталын дамыту керек [6]. Әлемде білімді дамытуға мемлекеттік шығындар әлеуметтік шығындар ретінде қарастырылмайды, олар пайда әкелетін салым болып табылады. Осылай, жаһандық бәсекеге қабілеттілікте өзінің білім әлеуетін жүйелі түрде дамытатын елдер алға шығады.

Қазақстанда жалпы мемлекеттік шығындар жылдан жылға көбеюде. Мемлекеттік шығындарды төмендегі 5-кестеден көруге болады (кесте 5).

Кестеде көрсетілгендей, республикалық шығындар 2016 жылы 8 881, 9 млрд теңге құраған, бұл көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда 1 396,8 млрд теңгеге артқан [7]. Шығындардың ЖІӨ-гі үлесі жылдан жылға көбеюде, мысалы 2013 жылы 16,9% болса, 2016 жылы бұл көрсеткіш 20,02% құрады.

Кесте 5 – Мемлекеттік шығындар мен ЖІӨ

Көрсеткіштер	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2018 ж. 2014 ж. салыстырғанда
ЖІӨ, млрд теңге	39 530	41 308	44 354	49 740	53 101	134,3
Өсу қарқыны, %	112,0	104,0	107,0	112,0	116,1	103,6
Республикалық бюджет шығындары, млрд теңге	6471,1	6789,8	7899,8	10667,5	9334,7	144,2
ЖІӨ-гі шығындардың үлесі, %	17,88	18,12	20,02	23,9	25,3	121,3
Ескертпе – [7] негізінде құрастырылған.						

Елде ЖІӨ мөлшерінің 2014–2018 жылдар аралығындағы өсуі байқалады. Яғни, 2014 жылы ЖІӨ 39 530 млрд теңге болса, 2018 жылы 53 101 млрд теңгені құраған. Экономикаға ықпал ететін білім беру жүйесіне шығындардың жалпы шығындардағы үлесі құбылмалы болып табылады (кесте 6, б. 275).


Кесте 6 – 2014–2018 жж. білімге беру жүйесіне жұмсалған шығындар

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2018 ж. 2014 ж. салыстырғанда
Жалпы мемлекеттік шығындар	млрд теңге	8 458,9	8 989,2	10 124,97	12 485,3	11 346,0	134,1
Білім жүйесінің жалпы шығындары	млрд теңге	1 524,5	1 523,4	1 468,1	1 512,6	1 532,3	100,5
Осы шығындардың жалпы мемлекеттік шығындардағы үлесі	%	18,0	16,9	16,5	17,1	17,7	87,03
Осы шығындардың ЖІӨ-гі үлесі	%	3,9	3,7	3,3	3,7	3,9	85,2
Ескертпе – [7] негізінде құрастырылған.							

2014 жылы жалпы мемлекеттік шығындар 8 458,9 млрд теңге құраған, оның ішінде білім беру жүйесіне жұмсалған шығындардың үлесі 18,0%, яғни 1 524,5 млрд теңге. 2015 жылы мемлекеттік шығындар 8 989,2 млрд теңге болған білімге жұмсалған шығындар 16,9% құраған, яғни мемлекеттік шығындардағы білім беру жүйесі шығындарының үлесінің төмендегені байқалады. Жалпы 2014 жылдан 2018 жылға дейін жалпы мемлекеттік шығындардағы білім беру жүйесіне жұмсалған шығындар үлесінің төмендеуі байқалады. Осылайша 2015 жылы бұл көрсеткіш 1,1%-ға төмендеді, яғни 16,9% құрады. Ал 2016 жылы білім беру жүйесі шығындар үлесі тек 16,5% құрады. 2017 жылы білім беру жүйесі шығындар үлесі тек 17,1% құрап, 2018 жылы 17,7% құрап отыр.

Білім беру жүйесі шығындарының ЖІӨ-гі үлесінің төмендеу тенденциясы байқалады. Яғни, 2014 және 2015 жылдары білім беру жүйесі шығындарының ЖІӨ-гі үлесі 3,9% құраса, 2015 жылы бұл көрсеткіш 3,7% құрады. Ал 2016 жылы білім беру жүйесі шығындарының ЖІӨ-гі үлесі тек 3,3% құрады, яғни 0,4%-ға төмен. Ал, 2017 жылы білім беру жүйесі шығындарының ЖІӨ-гі үлесі тек 3,7% құрады, яғни 2018 жылмен салыстырғанда 0,2%-ға жоғары. Жалпы мемлекеттік шығындардың ұлғаюына қарамастан шығындардағы білім беру жүйесінің үлесі бір деңгейді шамалап тұр.

Жоғарыда атап өткендей, адам капиталына жұмсалатын шығындар экономикалық өсу қарқынын арттырады. Бұл қаражат балалық шақтан бастап есейгенге дейін салынуы тиіс. Білімге жұмсалатын шығындарды деңгейлер бойынша қарастырайық. Елімізде мектепке дейінгі білімге жұмсалатын шығындардың өсіп төмендеуі байқалады. Оны төмендегі 1-суреттен көруге болады (сурет 1).



Сурет 1 – Білім беру жүйесінің шығындары деңгейлер бойынша

Ескертпе – [7] негізінде құрастырылған.

Суретте көрсетілгендей, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» 3 жылда 153 369 млн теңгеден 203 063 млн теңгеге өсіп, 2016 жылы 179 485 млн теңгеге төмендеген [7]. «Орта білім» деңгейінің жылдан жылға өсуін байқауға болады. Ал, «Техникалық және кәсіптік білім» деңгейіне шығындар тұрақты деп айтуға болады, шамалы ғана өзгеріс бар.



«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім» деңгейіне шығындар 2015 жылы 140 037 млн теңге құраса, 2016 жылы бұл көрсеткіш 47 949 млн теңгеге көбейді, яғни 187 986 млн теңге құрады.

Бұл суреттен орта білімге жұмсалатын шығындардың өсу тенденциясы көрінеді. Мемлекет көптеген қаражатты осы деңгейге жұмсайды, яғни әр түрлі мектептер құрылысына, материалдық техникалық базаның жаңаруына, мұғалімдердің жалақысына және т.б. Орта білімді басқа деңгейлермен салыстырсақ үлкен айырмашылық байқалады. Ең аз шығын жұмсалатын техникалық және кәсіптік білім болып табылады.

Елімізде басқа мамандықтарға қарағанда техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар жетіспейді. Бірақ, мемлекеттің осы деңгейге жұмсайтын шығындары 3 жылда өзгеріссіз қалды. Қажетті білімі бар мамандарға ие болу үшін және елдің экономикасын нығайту үшін оларға көбірек шығын жұмсау қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 ҚР Президентінің ресми сайты: <http://www.akorda.kz>. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның мейлінше дамыған әлем мемлекеттерінің 30-дығына кіруі» атты Дамушы нарықтардың Еуразиялық форумында жасаған баяндамасы. – Астана, 2012.

2 <http://gtmarket.ru>: ақпаратты-аналитикалық порталы.

3 ДЭФ бойынша 2018 жылғы Әлем елдерінің білім деңгейі бойынша рейтингі, 2018.

4 ДЭФ бойынша 2018 жылғы Әлем елдерінің білім беруге жұмсалатын шығындары бойынша рейтингі, 2018.

5 Maddison A. Dynamic forces in capitalist development. – Oxford: Oxford University Press, 1991. – P. 37–43.

6 Акценты в сфере образования // Казахстанская правда. – 2014. – № 67(27688). – 8 апреля.

7 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің статистикалық жинағы. 2018 ж.

#### Аннотация

Статья посвящена оценке влияния системы образования на экономическую конкурентоспособность Республики Казахстан. На сегодняшний день рассматриваемая проблема является очень актуальной, потому что в настоящее время в мировой экономике происходят качественные изменения, связанные с глобализацией, неравномерностью развития, усилением борьбы между тенденциями формирования однополярного и многополярного мира, обострением конкурентной борьбы между странами, регионами и фирмами. В настоящее время мировое научно-техническое и социально-экономическое развитие характеризуется коренным изменением роли человеческого фактора в экономике и обществе. Главным фактором экономического роста, определяющим будущее страны, является человеческий капитал. Как показывает международный опыт, средства, направляемые в систему образования, оказывают существенное влияние на рост экономики страны. Организация экономического сотрудничества и развития сделала следующее заключение: если среднее время обучения населения определенного государства продлится на один год, то ВВП страны возрастет на 3–6%. Увеличение расходов на образование на 1% приведет к увеличению ВВП государства на 0,35%. В статье оценка влияния системы образования на экономическую конкурентоспособность Республики Казахстан проводится в соответствии с рейтингами Всемирного экономического форума по уровню образования и издержек стран мира на 2018 г. и данными статистических сборников Комитета по статистике Республики Казахстан. Результаты оценки показывают: для того чтобы иметь конкурентоспособных специалистов в стране и развивать экономику, необходимо потратить больше средств на образование.

Ключевые слова: экономика, образование, система, конкурентоспособность, оценка, воздействие, человеческий капитал.

#### Abstract

This article is devoted to assessing the impact of the education system on the economic competitiveness of the Republic of Kazakhstan. To date, the problem is very relevant, because currently the world economy is undergoing qualitative changes associated with globalization, uneven development, strengthening the struggle between the trends of formation of a unipolar and multipolar world, increasing competition between countries, regions and firms. Currently, the world scientific, technical and socio-economic development is characterized by a radical change in the role of the human factor in the economy and society. The main factor of economic growth determining the future of the country is human capital. As international experience shows, the funds allocated to the education system have a significant impact on the country's economic growth. The organization for economic cooperation and development concluded that if the average training time of the population of a certain state lasts for one year, the country's GDP will increase by 3–6%. The increase in spending on education by 1% will lead to an increase in the state's GDP by 0,35%. In the article the assessment of the impact of the education system on the economic competitiveness of the Republic of Kazakhstan is carried out in accordance with the WEF rankings by level of education and costs of the world countries in 2018 and the statistical compilations of the Statistics Committee of the Republic of Kazakhstan. The assessment results show that in order to have competitive specialists in the country and develop the economy, it is necessary to spend more money on education.

Key words: economics, education, system, competitiveness, assessment, impact, human capital.